Бекітемін:

Мектеп директоры Жаниева Г.Т.

**«Экология»**

5 - сыныпқа арналған курс бағдарламасы

Мұғалім: Мукашев Н.А.

«Өлеңті ауылының ЖОББ мектебі» КММ

2022-2023 оқу жылы

## Түсінік хат

Елімізде соңғы жылдары туындап отырған экологиялық проблемаларолардың тек қана нарықтық-экономикалық факторларға ғана емес, әлеуметтік-экологиялық факторларға да тәуелді екенін көрсетіп отыр. Ең бастысы, экологиялық проблемаларды шешуде адамдардың санасын, психологиясын өзгертумен қатар жаңаша ойлауды қалыптастыру, табиғатқа деген көзқарасты экологияландыру мәселесі тұр. Осы бағытқа орай қазіргі таңда мектептерде 5-9 кластар арасында «Экология» курсын ұйымдастыру маңызды. Экология курсы аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат немесе аптасына 0,5 сағат жылына 17 сағатқа жоспарланды. Экология курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспарын Ә.Бисенова, Ж.Шілдебаевтың Алматы «Мектеп» 2005 бағдарламасына сүйене отырып жасақталды. Жоспар оқушылардың жас ерекшеліктері және жаратылыстау пәндерінен өтілетін тақырыптар мен байланысты құрылды.

*Мақсаты:*

Экология ғылымының зерттеу объектісі-адам мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынастарды, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуын, табиғи қорлардың сарқылуын, олардың себеп-салдарын анықтау, т.б. Ең бастысы, биосфера тіршілігінің тұрақтылығын сақтау үшін "адам-қоғам-табиғат" арасындағы үйлесімділікті, ізгілікті, біртұтастықты үйлестіру болып табылады. Ол үшін адамзаттың санасына, ой-өрісіне, танымдылық көзқарасына-қоршаған орта мен қоғам және болашақ ұрпақтары үшін қажеттілікті сезіндіру керек. Яғни бұрыннан қалыптасқан табиғатқа деген тұрпайы түсініктен арыла отырып, экологиялық білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ғылыми және тәжірибелік білімнің бірлігі негізінде оқушылардың қоршаған ортаға деген парасатты жауапкешілігін арттыру.

*Міндеті:*

- қоршаған орта мен адамзат арасындағы үйлесімділікті сәйкестендіру;
- антропогендік өзгерістер мен қоршаған ортаның ластануына жол бермеу; экологиялық жағдайларға мән беру және экологиялық проблемаларды шешу жолдарын іздестіру;
- адамның іс-әрекетіне баға беру және адам денсаулығын сақтау;
- табиғат қорғаудың экологиялық негіздерін білу;
- экологиялық білім, әдеп, сана мен мәдениетті қалыптастыру.
- анықтамалық, ғылыми әдебиеттермен, мерзімдік басылымдармен, интернетпен
- жұмыс жасап еркін ақпарат көздерін пайдалана білуге баулу.

Экология – тірі ағзалардың бір бірімен және қоршаған ортамен байланысын зерттейтін жаратылыстану ғылымы. Экологиялық біліммен қаруланған оқушы өзінің туған жерінің тазалығын, байлықтарын сақтап, тірі ағзаны қорғауға үйренеді. Экологиялық білімді ұрпақ, жеке тұлға қалыптасады.

"Экология" курсына арналған тақырыптық-күнтізбелік жоспар
5 сынып .
Аптасына 0,5 сағат. Барлығы - 18 сағат

| № | Сабақтыңтақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Ескертулер |
|---|---|---|---|---|
| | **I Экологияға кіріспе (1 сағ)** | | | |
| 1 | Экология пәні нені оқытады. Өзге ғылымдарменбайланысы. | 1 | 06.09 | |
| | **II Үй ауласындағы тіршілік (2 сағ)** | | | |
| 2 | Бізді қоршаған табиғи орта. Өсімдіктер мен жануарлардың маңызы. Қорғау шаралары | 1 | 20.09 | |
| 3 | Сарамандық жұмыс №1 Үйдегі және ауладағы өсімдіктер мен жануарларды атап, олардың әрқайсысының табиғат пен адам үшін маңызынталдау. | 1 | 04.10 | |
| | **III Адам және табиғат (3сағ)** | | | |
| 4 | Адам мен табиғат арасындағы байланыс. Табиғат кешендері. | 1 | 18.10 | |
| 5 | Атмосфераның құрамы, қажеттілігі, тазалығы. | 1 | 08.11 | |
| 6 | Табиғаттағы бөгде заттар, олардың зияны. | 1 | 22.11 | |
| | **IV Пайдалы және зиянды заттар мен ағза (4 сағ)** | | | |
| 7 | Қоқыс заттардың түрлерімен зияны. | 1 | 06.12 | |
| 8 | Өндірістік, ауылшаруашылық қалдықтар. | 1 | 20.12 | |
| 9 | Пайдалы және зиянды өсімдіктер мен жануарлар. Олардың табиғаттағы ролі. | 1 | 10.01 | |
| 10 | Сарамандық жұмыс№2 Үйде, аулада, табиғатта кездесетін пайдалы және зиянды жануарлар мен құстарды анықтау. | 1 | 24.01 | |
| | **V Табиғи қорлар және экология (3 сағ)** | | | |
| 11 | Табиғи қорлар және олардың адам үшін қажеттілігі. | 1 | 07.02 | |
| 12 | Су қорлары. Судың ластануы мен себептері. Қорғаушаралары. | 1 | 21.02 | |
| 13 | Сарамандық жұмыс №3 Табиғат қорларын жіктей отырып, оларды қорғаудың қарапайым түрлерін таныстыру. | 1 | 14.03 | |
| | **VI Жыл маусымдарына байланысты табиғаттағы өзгерістер (4 сағ)** | | | |
| 14 | Жыл маусымдары, табиғаттағы маусымдық өзгерістер. | 1 | 04.04 | |
| 15 | Жан-жануарлардүниесіндегі маусымдық өзгерістер. | 1 | 18.04 | |
| 16 | Өсімдіктердегі маусымдық өзгерістер. | 1 | 02.05 | |
| 17 | Сарамандық жұмыс №4 Табиғатқа саяхат кезіндегі ережелер мен сақтық шаралары. Экологиялық бақылау әдістеріментаныстыру. | 1 | 16.05 | |
| 18 | Қорытынды сабақ | 1 | 30.05 | |

Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері:
1) білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;
2) тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
3) білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
4) эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;
5) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.